



# Ақмешіт

22 ақпан  
сенбі

№14 (2127)

2025 жыл

## апталығы

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

Халықтың әлеуметтік жағдайын түзету – алдыңғы мақсаттың бірі. Мемлекетті халық құраса, мемлекет жағдайы елдің тұрмысымен тікелей байланысты. Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен аппараттық мәжілісте осы «Отбасының цифрлық картасына» маңыз беру керегі айтылды.

### «Отбасының цифрлық картасы» –

тұрмысты түзейтін тетік



Шаһар басшысы қала бойынша «Отбасының цифрлық картасына» тоқталып, халықтың әл-ауқатын көтеру мақсатында дағдарыс және Д, Е санатындағы отбасылармен жұмысты күшейтуді тапсырды.



– Жекелеген отбасылардың дағдарыс жағдайы тұрақты зерделеуге алынып, олардың себеп-салдары анықталуға тиіс. Балалардың мектепке толық қамтылу жайы нақтыланып, ақпараттық жүйелердің мәліметтері цифрлық картада дұрыс көрсетілуі керек, – деді қала әкімі.

Жиында сондай-ақ жоспардағы аталып өтетін іс-шаралар жайы да назардан тыс қалмады. Көктемнің алғашқы күнінен бастап елеулі даталар келеді. Бұл ретте Нұржан Сәбитұлы жыл көлемінде аталып өтетін іс-шаралардың жоспары жан-жақты нақтыланып, оны жоғары дәрежеде ұйымдастыру пәсікталды.

– Көктем айында бірқатар мерекелік күндер аталып өтеді. Оның ішінде, Алғыс айту, халықаралық әйелдер күні және Ұлыстың ұлы күні – эз Наурыз мейрамының жаңашыл сипатқа бағыттауымыз керек. Халықтың талғамы ескерілуі қажет. Сондай-ақ, Ұлы Женістің 80 жылдығы лайықты деңгейде аталып өтуі үшін осы бастан тынғылықты дайындыққа кіріскен жөн. Ал Қызылорданың астана болғанына және қазақ атауының қайтарылуына 100 жыл толу мерейтойы мазмұнды және шаһарымыздың шежіресі тарихи тұрғыда тереңнен тарқатылуы тиіс, – деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында көтерілген мәселелер бойынша жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырмалар жүктелді.

«Ақмешіт-ақпарат»

3-БЕТТЕ

### ХАЛЫҚ ҮНІ

Екі қолға бір күрек тапсам деген ниет, тұрғын үй алу жолдары, жол, жарық мәселелерін айтып келген тұрғындардың мұң-мұқтажын қала әкімі Нұржан Ахатов жеке қабылдауда тыңдады. «AMANAT» партиясының қалалық филиалы ғимаратында өткен жеке қабылдауға қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев және қалалық полиция басқармасының бастығы Дәулет Беркімбаев та қатысты.

### ТҰРҒЫНДАР ТІЛЕГІ – БАСТЫ НАЗАРДА

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидасына негізделген қабылдауда 40-қа жуық азаматтың өтініші қаралды. Көпбалалы аналар мен мүгедектері бар жандар және жұмыссыз жүрген азаматтар көкейде жүрген мәселелерін айтты. Елдің басым бөлігін тұрғын үй алу, жол, көше жарығы және жер кезегі тақырыптары толғандырады. Қабылдауға келгендердің де басым көпшілігі осы мәселелерді жеткізді.



Шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы көтерілген мәселелерге жауап беріп, шешу жолдарын қарастыруды жауапты басшыларға тапсырды. Ал қалалық мәслихат төрағасы мен қалалық полиция басқармасының бастығы қабылдауға келген азаматтарға заң аясында түсіндірме берді.

«Ақмешіт-ақпарат»

### МӘСЕЛЕ

# ИНТЕРНЕТ БАҒАСЫ

## Тағы қымбаттай ма?



### Шағым неге көбейді?

Қазақстандықтар мобильді байланыс тарифтерінің қымбаттауына шағымдана бастады. 2024 жылы ұялы байланыс қызметтері 20%-ға қымбаттаған болатын. Өткен жылы соңында Цифрлық даму министрлігі тарифтердің өсуін уақытша тоқтатқанымен, биыл басынан бастап бірқатар ұялы байланыс операторлары өз қызметтерінің бағасын көтеретінін мәлімдеді.

Министрліктің хабарлауынша, байланыс операторлары тарифтердің қымбаттауы туралы министрлікке ресми түрде хабардар етпейді. Тек қана желтоқсан айында Kcell компаниясы тарифтердің қымбаттапайтынын жариялаған кезде тарифтік саясатқа қатысты мәселелер Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп (МЦРИАП) талқыланғанын мәлімдеді.

«Ақмешіт» қолжазғы


### БРИФИНГ

## ҚАМЫСТЫБАС КЕМЕЛІНЕ КЕЛІП ТҰР



Теңіз төскейіндегі тіршілік қайта түлеуде. Аралда елді өзіне қаратқан бірегей жобалар қолға алынып, ел экономикасының нығаюына ықпал етпек. Орта Азияда алғаш болып ашылған геопарк ауданның әл-ауқатының артуына мүмкіндік береді. Ал балық ұнын шығару бағытындағы жұмыс қызу жүруде. Елдегі атқарылған ауқымды жұмыстарды аудан әкімі Аманжол Онғарбаев өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте айтты.

3-БЕТТЕ



## «Жайлы мектепте» оқығым келеді

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында білім беру жүйесін дамыту және мұғалімдерді қолдауға көңіл бөлу қажеттігін атап өтіп, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын қабылдауды тапсырған болатын.

– Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» жобасы қолға алынды. Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысымнан оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы мектеп салу Үкімет пен әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қаңтар айында қаламыздағы КБИ шағын ауданындағы №197 білім ошағы «Жайлы мектеп» болып, оқушыларға есігін айқара ашты. «Жайлы мектептің» жайы қызықтырып, жаңа білім ордасына арнайы бардық.

2-БЕТТЕ

## ҚАЗАҚТЫҢ ИІСІ АҢҚЫҒАН



Осыдан біраз жыл бұрын «жаһандану» деген сөз жиі айтылып, бағыс әлемінің құндылықтарына қалқан қойғандай әр түрлі іс-шаралар өтіп жататын. Ол үрдіс қазіргі кезде өз құндылығымыз, өз дәстүріміз, өз дініміз дегендей өзегімізді іздеуге жалғасқандай. Құндылықтарымызды дәріптеп, оқушылардың бойына сіңіруде мектептердің де үлес салмағы басым. Осы орайда ұйымдастырылған Ахмет Байтұрсынұлы атындағы №211 орта мектептегі семинарға қатыстық.

2-БЕТТЕ





